

# Паспорт образовательной программы

## Дата регистрации в Реестре

2022.07.20 17:50

## Регистрационный номер

19273

## Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.20 17:50

## Код и наименование специальности:

06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)

## Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W06130102 Web- дизайнер

## Регион:

Алматы қ.

## Организация ТипПО (Разработчик):

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы көпсалалы колледжі» КМҚК

## Партнеры-разработчики:

« Паритет Н» ЖШС, «Еуразия+ОРТ» ЖШС

## Цель ОП:

Графикалық интерфейстің визуалды дизайнын жасау, web- ресурстарды құру, web- контентті басқару жүйесін құру, құру және қолдану бойынша практикалық міндеттерді шешуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау.

## Уровень по НРК:

3

## Уровень по ОРК:

3

## Профессиональный стандарт (при наличии):

« Ақпараттық ресурстарды құру және басқару» «Атамекен» ҰКП 17.07.2017 жылының № 171 бұйрығымен №25 қосымшасы ; «Бағдарламалық жасақтама сәулетшілері» "Атамекен" ҰКП 05.12.2018 ж. № 330 бұйрығына №54 қосымшасы, «Бағдарламалық жасақтама жасаушылар және тестілеу, WEB және мультимедиялық қосымшалар мамандары» "Атамекен" ҰКП 05.12.2018 ж. № 330 бұйрығына №55 қосымшасы ; «Графикалық және мультимедиялық дизайнды әзірлеу» "Атамекен" ҰКП 24.12.2019 ж. № 259 бұйрығына №264 қосымшасы, « Web және мультимедиялық қосымшаларды тестілеу» "Атамекен" ҰКП 24.12.2019 ж. № 259 бұйрығына №274 қосымшасы.

## Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

« Графикалық дизайн», «Веб-дизайн және даму»

## Форма обучения:

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

180

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

04.04.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№ 13021076

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

KZ33BFA00140318

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

-

**Отличительные особенности ОП:**

Жоқ

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины   | Объем<br>кредитов/часов |
|-------------------------------------|---|-------------------------|
| ЖБП 1. Математика                   | Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функцияның шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оның қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық | 8/192                   |

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины  | Объем<br>кредитов/часов |
|-------------------------------------|--|-------------------------|
|                                     | теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».  |                         |
| ЖБП 2. Информатика                  | Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді. | 2/48                    |
| ЖБП 3. Қазақ тілі                   | Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат   | 3/72                    |

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины  | Объем<br>кредитов/часов |
|-------------------------------------|--|-------------------------|
|                                     | <p>дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»</p>   |                         |
| ЖБП 4. Қазақ әдебиеті               | <p>Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам»</p> | 3/72                    |
| ЖБП 5. Орыс тілі мен әдебиет        | <p>Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:</p>   | 4/96                    |

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины   | Объем<br>кредитов/часов |
|-------------------------------------|---|-------------------------|
|                                     | <p>«Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>  |                         |
| ЖБП 6. Шет тілі                     | <p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent</p> | 4/96                    |

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины  | Объем<br>кредитов/часов |
|-------------------------------------|--|-------------------------|
| ЖБП 7. Қазақстан тарихы             | <p>project», «The clothes of chemistry».</p> <p>Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «. Білім мен ғылымның дамуы».</p> | 4/96                    |
| ЖБП 8. Өзін-өзі тану                | <p>Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».</p>  | 2/48                    |
| ЖБП 9. Дене тәрбиесі                | <p>Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге</p>  | 5/120                   |

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины                       | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины  | Объем<br>кредитов/часов |
|---|--|-------------------------|
|   | <p>асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».</p>  |                         |
| <p>ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық</p> | <p>Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».</p> | <p>4/96</p>             |
| <p>ЖБП 11. Физика</p>                                     | <p>Ғылыми дүниетанымның</p>  | <p>6/144</p>            |

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины   | Объем<br>кредитов/часов |
|-------------------------------------|---|-------------------------|
|                                     | негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология». |                         |
| ЖБП 12. Химия                       | Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық.Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».  | 6/144                   |
| ЖБП 13. География                   | Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге  | 3/72                    |

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины          | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины  | Объем<br>кредитов/часов |
|--|--|-------------------------|
|  | бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».   |                         |
| ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы                     | Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, этносаралық қатынастар және әлеуметтік процесстерін, әлем тарихында өткен әскери-саяси оқиғаларын, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері, құқықтық мемлекет, жаңа заман және кәзіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы негізгі мәселелері ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы». | 3/72                    |
| БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.   | 3/72                    |
|  | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.   | 6/144                   |
| БМ 2. Ақпараттық-                            | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникация-   | 1/24                    |

| Наименование<br>№ модуля/дисциплины                                    | Результаты<br>обучения/Краткое описание<br>дисциплины  | Объем<br>кредитов/часов |
|--|--|-------------------------|
| коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану                   | лық технологиялар негіздерін меңгеру.  |                         |
|  | ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.                                     | 1/24                    |
| БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.   | 0,5/12                  |
|  | ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.   | 1/24                    |
|  | ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.           | 0,5/12                  |
|  | ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. | 0,5/12                  |
|  | ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.  | 0,5/12                  |
| КМ 1. Жеке графикалық интерфейс элементтерін құру                      | ОН 1.1. Графикалық пайдаланушы интерфейс элементтерінің визуалды дизайнын жасау.   | 6/144                   |
|  | ОН 1.2. Графикалық интерфейске қосу үшін графикалық материалдарды дайындау.  | 5/120                   |
|  | ОН 1.3. Дизайн макеттерін дайындау.  | 8/192                   |
| КМ 2. Web- ресурстарды құру  | ОН 2.1. Front-end web- ресурстарды құру.   | 8/192                   |
|  | ОН 2.2. Back-end web- ресурстарды құру.  | 8/192                   |
| КМ 3. Веб-контентті басқару жүйесін қолдану                            | ОН 3.1. Веб-контентті басқару жүйесін орнату.  | 5/120                   |

| № модуля/дисциплины | Наименование                    | Результаты  |                      |
|---------------------|---------------------------------|---|----------------------|
|                     |                                 | обучения/Краткое описание дисциплины                                      | Объем кредитов/часов |
|                     |                                 | ОН 3.2. Content Management Systems-те қауіпсіздік пен қорғауды баптау.    | 3/72                 |
|                     |                                 | ОН 3.3. Контентті басқару жүйесі үшін жеке шаблондар мен плагиндер жасау. | 29/696               |
|                     | КМ 4. Web - парақшаларды беттеу | ОН 4.1. Веб-парақтардың дизайнын және орналасуын жасау.                   | 6/144                |
|                     |                                 | ОН 4.2. Мультимедиялық мазмұнды дамыту.                                   | 5/120                |
|                     |                                 | ОН 4.3. Кодты азайту, обфускация және қысу .                              | 5/120                |
|                     |                                 | ОН 4.4. Суреттерді оңтайландыру.  | 5/120                |
|                     |                                 | ОН 4.5. Әр түрлі браузерлер үшін орналасуды оңтайландыру.                 | 5/120                |
|                     |                                 | ОН 4.6. Веб-бет құрылымын оңтайландыру.                                   | 5/120                |
|                     | Аралық, қорытынды аттестаттау   | -   | 6/144                |